

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТУҒАН ЖЕР



**РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Павлодар қаласы Потанин атындағы облыстық тарихи - өлкетану мұражайында Тереңкөл ауданының тарихына, өткені мен бүгініне арналған «Тамыры терең туған жер» атты үлкен көрме ашылды.

Бұл көрме «Туған жер» жобасының «Рухани қазына» кіші бағдарламасын іске асыру аясында ұйымдастырылды. Көрмеге келушілер легі көп болды. Тереңкөл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бақытжан Бектасованың айтуынша, бұл көрмеде өлкетану жұмыстарын жүргізу барысында табылған мазмұнды деректер мен тарихи мәліметтер, киелі орын-

дар туралы жан-жақты мағлұматтар қойылды. Оның ішінде атап айтсақ, Сейділдә қажының жеке заттары, суреті, Сейділдә қажының 16 бетті көне шағатай тілінде жазған қолжазбалары мен Ілияс Жанқариннің жеке суреттері, сондай-ақ Байқоныс, Береговой ауылдарындағы мұражайларынан алынған құнды этнографиялық экспонаттар орын алды.


(Жалғасы 2 - бетте)

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТУҒАН ЖЕР



(Соңы. Басы 1 - бетте)

Біздің ауданда да киелі орындардың бар екені барша-мызға мәлім. Атап айтсақ, 2012-13 жылдары Тереңкөл ауылы маңында қазба жұмыстары жүргізіліп, сол жерде табылған ең белгілі артефакті - қимақ жауынгерінің бас киімі осы көрмедегі көпшіліктің назарын аударды. Бұдан басқа да түрлі тарихи археологиялық экспонаттар көрсетілді.



Сондай-ақ Тереңкөл өңірінен табылған біздің ғасырға дейінгі жауынгердің дулығасы, І.Жанқариннің ұрпақтары ба-

сып шығарған кітабы, белгілі журналист ақын Ш.Байғалының кітаптары, Песчан ауылының тумасы, белгілі балет бишісі

Алма Асқарбекованың киімдері, фотосуреттері, ақын, композитор, журналист Абылайхан Әлжановтың суреттері қойылды. Кеңес Одағы Батырларының жеке заттары мен туыстарының естеліктері де көрмеде ерекше орын алды. «Рухани жаңғыру» аясында өткен маңызды шараға облысымыздың белгілі қайраткерлері Ж.Сманов, А.Әбіш, І.Жанқариннің ағасының қызы Ғазиза Қабиденқызы Рахметова, облыстық С.Торайғыров атындағы кітапхананың қызметкері Марал Тәженова т.б. қатысты.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы таяу уақытта ұлттық құндылықтарымыз болып табылатын тарихи экспонаттар көрмесі Тереңкөл ауылында ұйымдастырылатынын жеткізді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ